

БЕКІТЕМІН
ШҚО білім басқармасы
басшысының м.а.
С.Жумадилова

« » 2018 ж.

Шығыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік білім беру
ұйымдарының студенттері арасындағы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінен
өткізілетін облыстық «Тілдарын-2018» олимпиадасының
ЕРЕЖЕСІ

Өскемен қаласы,
2018 ж

**Шығыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік білім беру
ұйымдарының студенттері арасындағы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінен
өткізілетін облыстық «Тілдарын-2018» олимпиадасының**

ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Шығыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының білім алушылары арасында өтетін облыстық «Тілдарын» олимпиадасының (бұдан әрі – Олимпиада) мақсаты мен міндеттерін, өткізілу тәртібін, ұйымдастырушылық-әдістемелік, қаражаттық қамтамасыз етілуін, қатысу шарттарын, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау және марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2. Олимпиада Өскемен қаласы, Амурская көшесі, 1 мекенжайында орналасқан «Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі» КМҚК оқу орны базасында өткізіледі.

Олимпиаданың өтетін күні 2018 жылғы 20 сәуір. Басталуы сағат 09.00

1.3. Олимпиадаға ШҚО техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының 9-сынып базасында түскен, мемлекеттік және орыс тілдерінде білім алатын I, II курстардың білім алушылары қатыса алады.

1.4. Олимпиадаға қатысуға өтінім (1-қосымша) Олимпиаданы ұйымдастырушы мекеменің электронды мекен-жайына (e-mail: nmr_vkgk@mail.ru) 2018 жылдың 13 сәуіріне дейін жіберілуі қажет.

1.5. Өтінімге қоса студенттік билеттің көшірмесі ұсынылуы тиіс.

2. ОЛИМПИАДАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

2.1. Олимпиаданың мақсаты:

- Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда үш тұғырлы тілді – мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгеруді насихаттау.

2.2. Олимпиаданың міндеттері;

- Қазақстан Республикасының тіл саясатын жүзеге асыру;
- білім алушылардың тілді меңгеруге деген қызығушылықтарын арттыру;
- жастар арасында жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлғаларды тәрбиелеу;
- Қазақстан халқының лингвистикалық капиталын дамыту;
- білім алушылардың тіл мәдениетін жетілдіру.

**3. ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

3.1. Олимпиаданы ұйымдастырушылар:

«ШҚОББ» КММ

«ШҚО ТжКББ және КД Орталығы» КММ

«Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі» КМҚК

3.2. Олимпиаданы дайындау және өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін оқытушылар арасынан ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитетінің қызметі:

-олимпиада жайлы Ережені жасайды;

-олимпиадаға тікелей басшылықты жүзеге асырады;

-олимпиаданың барлық іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етеді;

-олимпиада тапсырмаларын бекітеді және құпиялылығына жауап береді;

-олимпиада жұмыстарын бағалау әдістерін және шарттарын дайындайды;

-олимпиада материалдарының сақталуын қамтамасыз етеді.

3.3. Олимпиаданың қазылар алқасы құрамы ұйымдастыру комитетінің отырысында бекітіледі. Қазылар алқасы құрамында ЖОО қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі оқытушылары кіреді.

3.4.Қазылар алқасының төрағасы олимпиада тапсырмаларын дайындайтын әдістемелік комиссия құрамын қалыптасырады.

Әдістемелік комиссияның қызметі:

- олимпиада материалдарының сақталуын қамтамасыз етеді және құпиялылығына жауап береді;

- ұйымдастыру комитетіне олимпиаданың қорытындысы жайлы есеп береді;

- олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін белгілейді;

- олимпиада тапсырмалары мен сынақтарының дұрыс жауаптарын жариялайды.

3.5. Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті 2018 жылдың 15 сәуіріне дейін олимпиаданы өткізу бағдарламасын әзірлейді.

3.6. Олимпиада туралы және оның өтілуі, жеңімпаздары мен жүлдегерлері туралы ақпарат «Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі»

КМҚК сайтында және «ШҚО ТжКББ және КД Орталығы» сайтында жарияланады.

3.7. Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: ШҚО, Өскемен қаласы, Амурская к-сі, 1-үй. Тел: 8(7232) 540-115; 87778530298

4. ОЛИМПИАДАНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Олимпиада үш кезеңнен тұрады. Бағалау балдық жүйеде жүргізіледі.

Бірінші кезең - қазақ тілін білу.

Екінші кезең – ағылшын тілін білу.

Үшінші кезең – орыс тілін білу.

4.2. Әрбір кезеңде берілетін тапсырмалар:

4.2.1. 1-тапсырма. Берілген тақырыптың мазмұнын толық ашу.

Берілетін уақыт – 5 минут.

Бағалау критерийлері (1-10 балл):

- тілдерді меңгеру деңгейі;
- ой орамдылығы мен сапасы;
- тақырыптың мазмұндылығы мен ерекшелігі;
- өзін-өзі ұстауы, берілген уақытын дұрыс пайдалануы.

2-тапсырма. Берілген тақырып бойынша эссе жазу.

Эссе көлемі (А-4 форматтағы) 1 беттен кем болмауы керек.

Берілетін уақыт – 20 минут.

Бағалау критерийлері (1-10 балл):

- ой-пікірдің жүйелілігі;
- мазмұндылығы;
- грамматикалық сауаттылығы.

3-тапсырма. Мәтінге ілеспе аударма жасау.

Берілетін уақыт – 5 минут (тыңдауы, аударылуы).

Бағалау критерийлері (1-10 балл):

- аударманың дәлдігі;
- дауыс ырғағы.

4.3. Олимпиаданың міндетті шарты – алдыңғы деңгейден (кезеңнен) өткен қатысушы ғана келесі деңгейге қатыса алады.

4.4.Олимпиада барысында қатысушыларға қойылатын талаптар.

-ұйымдастыру комитеті берген материалдардан басқа материалдарды аудиторияға кіргізуге тиым салынады;

-олимпиада кезінде аудиториядан шығуға рұқсат берілмейді;

-анықтамалық әдебиеттерді, электронды құралдарды (ұялы телефон т.б.) алып кіруге, пайдалануға тыйым салынады.

Көрсетілген талаптарды сақтамаған жағдайда білім алушы аудиториядан шығарылып, жұмысына «0» балл қойылады.

4.5. Олимпиадаға кешіккен және тіркелмеген білім алушылар Олимпиадаға қатыстырылмайды.

5. ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ

5.1. Олимпиада қорытындысы үш деңгейден өткен қатысушылар арасында жүргізіледі.

5.2. Олимпиада жеңімпазы болып үш деңгей тапсырмаларын орындау қорытындысы бойынша үздік көрсеткіш көрсеткен және I дәрежелі диплом алған білім алушы саналады.

Олимпиада жүлдегерлері болып II және III дәрежелі дипломдар алған қатысушылар саналады.

5.3. Қазылар алқасының шешімі бойынша II және III орындарға екі жүлдегерден ұсына алады.

5.4. Олимпиада кезеңдері бойынша үздік нәтиже көрсеткен қатысушылар номинациялар бойынша марапатталады:

- «Тіл шебері»
- «Жас қаламгер»
- «Үздік аудармашы».

5.5. Олимпиада жеңімпазы мен жүлдегерлерді дайындаған оқытушылар «ШҚОББ» КММ алғыс хаттарымен марапатталады.

5.6. Олимпиада жеңімпазы мен жүлдегерлерді марапаттау салтанатты түрде өткізіледі.

6. ОЛИМПИАДАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

6.1. Олимпиадаға қатысуға байланысты шығындар (жол жүру, тамақтандыру) іссапарға жіберуші тараптан қаржыландырылады.

1-қосымша

Өтінім үлгісі:

№	Қатысушының Т.А.Ә. (құжат бойынша)	Оқу орны атауы, курсы	Студенттік билеттің №	Қатысушыны дайындаған оқытушының Т.А.Ә. (құжат бойынша), байланыс телефондары

Оқу орнының директоры

қолы

аты-жөні

М.О.